

"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 570 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 маусымда № 28417 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2024 № 687 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12590 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі біліктілік талабы Заңның 51-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге, сондай-ақ мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 502 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 26087 болып тіркелген) Мүгедектерге ұсынылатын техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес олардан тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 51-1-тармақпен толықтырылсын:

"51-1. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Қағидалардың 44-

тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.";

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Егер жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес бірінші немесе екінші санаттағы тиісті рұқсаттың болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша біліктілік талабы қойылмайды.";

мынадай мазмұндағы 76-1-тармақпен толықтырылсын:

"76-1. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтер көрсетуге арналған конкурсқа қатысуға өтінімнің бағасы, егер ол конкурсқа бөлінген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, демпингтік деп танылады.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Әлеуетті өнім берушінің тауарларға, жұмыстарға (осы Қағидалардың 73, 74, 75-тармақтарында көзделген жұмыстарды қоспағанда), көрсетілетін қызметтерге (осы Қағидалардың 76 және 76-1-тармақтарында көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) арналған конкурсқа қатысуға өтінімнің бағасы, егер ол конкурсқа бөлінген бағадан жиырма пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып танылады.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және (немесе) таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, электрондық депозитерий осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша веб-порталда қалыптастырылады.";

92-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық жағынан күрделі объектілер бойынша әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды мыналар растайды:

тапсырыс беруші (қайта ұйымдастырылған жағдайда тапсырыс берушінің құқық мирасқоры) және (немесе) меншік иесі;

сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті орган не мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын орган не құрылыс объектісі орналасқан жер бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті орган;"

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Әлеуетті өнім берушінің жобалау бойынша соңғы он жылдағы, оның ішінде ағымдағы жылдағы жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен

құжаттардың дұрыстығы құрылыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң сараптамалық қорытындыларымен расталады.

Мемлекеттік сараптама ұйымы берген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң сараптамалық қорытындысының дұрыстығын мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйелерінің мәліметтері негізінде уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері растайды.

Бұл ретте, мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, мемлекеттік сараптама ұйымы берген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң сараптама қорытындысының дұрыстығы әлеуетті өнім берушілердің өтініштері негізінде осындай сараптама ұйымдарының электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып, веб-портал арқылы ұсынылған мемлекеттік сараптама ұйымының хаттарымен расталады.

Ведомстводан тыс кешенді сараптаманың өзге де оң сараптама қорытындыларының дұрыстығы әлеуетті өнім берушілердің өтініштері негізінде осындай сараптама ұйымдарының электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып, веб-портал арқылы ұсынылған аккредиттелген сараптама ұйымдарының хаттарымен расталады.";

115-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын тұлға, не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын тұлға бекіткен біліктілік талаптарының жобасы, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелігі, шарттың жобасы және құрылған (тартылған) жағдайда сараптау комиссиясының не сарапшының құрамы.";

131 және 132-тармақтар алып тасталсын;

181, 182 және 183-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"181. Конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтыруларды қоспағанда бірыңғай ұйымдастырушы, қажет болған кезде конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына не ескертулеріне жауап ретінде конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке және шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді қоспағанда, конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді осы Қағидалардың 159-тармағында белгіленген тәртіппен бірыңғай ұйымдастырушы бекітеді.

182. Тапсырыс беруші қажет болған кезде конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы бекітілген шешімді бірыңғай ұйымдастырушыға жібереді.

183. Бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс беруші бекіткен конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке және шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім негізінде конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.";

186, 187 және 188-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"186. Осы Қағидалардың 34-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптары жобасының, техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелеріне түсіндірме беруді тапсырыс беруші жүзеге асырады.

187. Осы Қағидалардың 34-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптары жобасының, техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелеріне түсіндірме беруді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асырады.

188. Конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптары жобасының, техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелеріне түсіндірме беру мәтіні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.";

282-тармақ алып тасталсын;

403-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуы.";

411, 412 және 413-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"411. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1) – 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес есептеледі.

412. Конкурстық өтінімдері осы Қағидалардың 411-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттардың бірі бойынша 0 (нөл) балл жинаған әлеуетті өнім берушілер жиналған баллдардың жалпы санына карамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

413. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) осы Қағидалардың 411-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін баллдарды есептейді;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына осы Қағидалардың 411-тармағында көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін конкурстық комиссия берген баллдардың санына қарай бағаларды шартты азайтуды қолданады;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу нөмірі) ресімдейді.";

415-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"415. Конкурсқа қатысуға өтінімі қорытынды бағасы 9 балдан төмен әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді.";

427-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"427. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде:

1) әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбейді;

2) конкурстық комиссия осы Қағидалардың 243-тармағында көзделген конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданбайды;

3) конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру рәсімі жүзеге асырылмайды;

4) Заңның 26-бабының талаптары қолданылмайды. Егер ұсынылған конкурстық баға ұсынысы осы Қағидалардың 76-1-тармағына сәйкес демпингтік деп танылса, әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.";

489-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"489. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші Заңның 43-баптың 3-тармағында белгіленген мерзімде шарт жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жеңімпазға үш жұмыс күні ішінде шарт жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Егер әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын веб-порталы арқылы жібереді.";

542 және 543-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"542. Осы Қағидалардың 541-тармағының талаптары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 397-бабында көзделген қызметтерді көрсетуге байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.

543. Осы Қағидалардың 541-тармағының 1) және 2) тармақшаларының талаптары есебі сертификатталған есепке алу жүйелері (аспаптар) арқылы жүргізілетін қызметтерді, оның ішінде коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау) және байланыс қызметтерін көрсетумен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.";

Конкурстық құжаттамада:

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Тапсырыс беруші, Қағидалардың 486-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі біткен күннен бастап бір жұмыс күнінен

кешіктірмей, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын қалыптастырады және оған қол қою үшін әлеуетті өнім берушіге жібереді.";

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 5-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 24-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 2-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шартта:

3.3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;"

5.1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады .";

Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы (құрылыс-монтаждау жұмыстары) үлгілік шартта:

3.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.3. Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде 5 (бес) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді жүргізеді2.

Аралық төлемдер Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау, сондай-ақ Шарт сомасының 5 (бес) пайыз мөлшерінде кепілдік енгізу ескеріле

отырып, орындалған жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Мердігердің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді².

Орындалған жұмыс үшін төлемді Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Мердігердің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді³.

Егер Жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойғаннан кейін <сомасы> мөлшерінде осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді.

Егер Жұмыстарды бір қаржы жылдан асатын мерзімде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойғаннан кейін <сомасы> мөлшерінде осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді.";

4.1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы, шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;"

4.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4.3. Тапсырыс беруші:

1) егер жер учаскесін босатуға байланысты жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамада көзделмеген болса, Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жер учаскесінен Мердігерге жұмыстарды орындауға кірісуге, оларды жүргізуді және аяқтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілері ауысуға жататын өз бетінше салынған құрылыстардан, өзге де бұрыннан бар үйлерден, құрылыстардан, құрылыс жайлардан үйінділер мен қоқыстардан босатуға;

2) жұмыстарды орындау үшін Мердігер мамандарының объектіге кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

3) орындалған жұмыстардың сәйкессіздіктері анықталған кезде дереу жазбаша мердігерді хабардар етуге;

4) жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-

тармағында белгіленген мерзімдерде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, жұмыстарды қабылдаудан бас тартуға;

5) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Мердігер жазған шот-фактураны қабылдауға;

6) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес мердігерлерге (қосалқы мердігерлерге) инжинирингтік компания беретін төлем сертификатын беруді қамтамасыз етуге;

8) өндірістік жұмыстар басталғанға дейін Мердігерге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10795 болып тіркелген) Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларына сәйкес барлық қажетті құжаттарды беруге;

9) бюджет қаражаты жеткілікті болған жағдайда Мердігерден жұмыстарды мерзімінен бұрын орындау және оларды тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ішінде орындалған Жұмыстар үшін мерзімінен бұрын ақы алуға және түпкілікті төлем жасауға міндеттенеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасы қазынашылық қолдап отыру үшін тапсырыс берушілер айқындаған объектілерді салуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.";

5.2, 5.3 және 5.4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5.2. Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

5.3. Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап <сәйкессіздіктерді жою мерзімі> ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4. Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілуге тиіс.";

6.2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.";

6.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.3. Мердігердің бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес орындаған және авторлық және техникалық қадағалаумен расталған жұмыстарды тапсыруы жұмыстарды орындау фактісі бойынша ай сайын, бірақ есепті айдың 25-күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады және тараптар қол қоятын орындалған жұмыстар актісі мен орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы анықтама ресімделеді.";

7.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7.1. Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтар Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде объектіге ағымдағы қызмет көрсету мердігер (қосалқы мердігер) беретін кепілдікке кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелері осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ

техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі (бар болса) себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету Мердігер беретін кепілдікке кірмейді.

Тапсырысшының талап етуі бойынша Мердігер жұмыстарды орындау нәтижелері сапасының техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 8.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.2. Секвестр және/немесе мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында/есеп шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты (оның ішінде аванс) Мердігерге Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспауға тиіс.";

9.3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Мердігер <күн саны> күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса және егер Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстардың тоқтатыла тұру себептері туралы жазбаша хабарламаса, бұл ретте жұмыстардың тоқтатыла тұру себептерін Тапсырыс беруші Мердігерге байланысты емес деп келісілген болса.";

9.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9.6. Егер Шарт бұзылса, Мердігер дереу Жұмысты тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге береді.";

12.1 және 12.2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12.1. Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

12.2. Егер келіссөздер процесінде Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша туындаған келіспеушіліктерді немесе дауларды шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.";

Жобалау-сметалық құжаттаманы (техникалық-экономикалық негіздеме) әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шартта:

4.3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді;"

5.8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары, құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.";

Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шартта:

4.3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді;"

6.2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары, құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.";

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шартта:

3.3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қызметтерді қабылдау кезінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімдерде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;"

Қағидаларға 42-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 44-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 45-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2022 жылғы 9 маусымдағы
№ 570 бұйрығына 1-қосымша

Конкурстық құжаттамаға
5-қосымша

Құрылыс саласында жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау бойынша жұмыстар) (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау бойынша жұмыстар) саласында жұмыстарды орындауға рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

№	Рұқсаттың хабарламаның) атауы	(Қызмет түрі	Конкурстың нысанасына сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі
1			

2. Қаржылық орнықты болу және республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы (веб-порталда мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде автоматты түрде анықталады).

3. Банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы.

4. Материалдық және еңбек ресурстарына ие болу осы қосымшаның 1-тармағында көзделген, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсатпен (хабарламамен) расталады.

5. Құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау жұмыстары) саласында сатып алу бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талабы қойылмайды.

6. Жұмыс тәжірибесі конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар ретінде көрсетіледі.

№	Сатып алынатын жұмыстар мәнінің атауы (Лоттың атауы)	Құрылыс түрі (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу)	Ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі-жоғары, екіншісі-қалыпты, үшіншісі-төмен)	Объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын	Функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар)	Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші мәлімдеген жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-
---	--	--	---	--	---	---

				ғимараттар м е н құрылыстар)	бөлімдерінде көзделген лицензиялана тын қызмет түрінің кіші түрі.
--	--	--	--	------------------------------------	--

Ескертпе: Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары-Қаржы министрінің
2022 жылғы 9 маусымдағы
№ 570 бұйрығына
2-қосымша
Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша

Электрондық депозитарийге енгізілетін әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар
ТІЗБЕСІ

1. Құрылыс-монтаж жұмыстары және жобалау жұмыстары бойынша

№	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың атауы	Ескертпе
1	Құрылыс объектісінің атауы	
2.	Құрылыс объектісі бойынша әлеуетті өнім берушінің мәртебесі: 1. Бас мердігер; 2. Бас жобалаушы; 3. Қосалқы мердігер; 4. Қосалқы жобалаушы	Егер әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерді тартқан бас мердігер болып табылса, онда мұндай қосалқы мердігер туралы мәліметтер (атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) қосымша көрсетіледі, егер әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер болып табылса, онда бас мердігер туралы мәліметтер (атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) қосымша көрсетіледі
3	Құрылыс түрі (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу)	
4	Мекенжайы (құрылыс объектісінің орналасқан жері)	
5	Тапсырыс берушінің атауы	

6	Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес жұмыстардың аяқталған жылы	
7	Ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі-жоғары, екіншісі-қалыпты, үшіншісі-төмен)	
8	Объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар)	
9	Функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар , тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар)	
10	Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші мәлімдеген жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі	
11	Жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың нөмірі мен күні	
12	Қағидаларға сәйкес жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың атауы	Құжаттардың электрондық көшірмелерін салу қажет

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2022 жылғы 9 маусымдағы
№ 570 бұйрығына
3-қосымша
Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
24-қосымша
Бекітемін:

(тапсырыс берушінің (бірыңғай ұйымдастырушының) толық атауы

(конкурстық құжаттаманы бекіткен адамның Т.А.Ә.)

Шешім № _____ Күні _____

**Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді
мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық құжаттама**

(сатып алу нысанасының түрі)

(конкурстың атауы)

Тапсырыс беруші (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін
ұйымдастырушылар үшін
көрсетілмейді)

(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)

Тапсырыс берушінің өкілі (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін
ұйымдастырушылар
үшін көрсетілмейді)

(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Ұйымдастырушы (бірыңғай ұйымдастырушы)

(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)

Ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) өкілі

(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Конкурстық комиссияның хатшысы

(Т.А.Ә., лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс қоса берілген лоттар тізбесіне сәйкес өнім берушіні(лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Осы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттама (бұдан әрі – МӘТ КҚ) мыналарды:

1) МӘТ КҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес лоттардың тізбесін және қызметтерді көрсету шарттарын;

2) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 6-қосымшасына сәйкес Конкурстық құжаттамаға (бұдан әрі – КҚ) 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді;

3) КҚ-ға 15-қосымшаға сәйкес сатып алынатын қызметтердің сипаттамасын және талап етілетін техникалық, сапалық сипаттамаларын;

4) КҚ-ға 11-қосымшаға сәйкес қызметтер көрсету үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметті;

5) Қағидалардың 411-тармағына сәйкес неғұрлым сапалы қызметтерді ұсынатын конкурстың жеңімпазын анықтау үшін конкурстық комиссия ескеретін әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысу өтінімдері бағалау үшін міндетті критерийлердің тізбесін қамтиды;

3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша бөлінген сома _____ теңгені құрайды.

Осы конкурс үшін бөлінген сома лоттар бөлінісінде мынаны құрайды:

Лот №	Көрсетілетін қызметтің атауы	Лот бойынша бөлінген сома (теңге)	
-------	------------------------------	-----------------------------------	--

2. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар

4. Конкурсқа қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және осы КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызмет көрсетуге үміткер әлеуетті өнім берушінің келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ өзі туралы, Заңның 6-бабында белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулеріне сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға әлеуетті өнім берушінің келісімі болып табылады.

5. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында МӘТ КҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды.

6. Конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды қамтиды:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін не оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растауда әлеуетті өнім беруші ұсынатын электрондық құжаттарды;

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлікті немесе анықтаманы қамтуы тиіс. Егер заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітілген Үлгілік жарғы негізінде қызметті жүзеге асырса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;

заңды тұлға Үлгілік жарғы негізінде қызметті жүзеге асырған жағдайды қоспағанда, заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген жарғыны;

құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді не акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірмені қамтитын құрылтайшы

құжатты (егер жарғы құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметті қамтымаған жағдайда);

әлеуетті өнім берушінің қызметтер көрсетуге құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, басқа да құжаттарды;

өзіне мыналарды: растау құжаттарының электрондық көшірмелерінің қосымшасымен конкурста сатып алынатын ұқсас (сай келетін) соңғы он бес жыл ішінде әлеуетті өнім беруші көрсеткен көлемдер туралы мәліметті;

растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он бес жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сай келетін) көрсеткен қызметтерінің көлемі туралы мәліметтер; растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтер көрсету үшін конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтер (осы талап мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржылық бір жылдан астам мерзімге қызметтерді мемлекеттік сатып алған жағдайда белгіленеді); растау құжаттарының электрондық көшірмелерінің қосымшасымен конкурста сатып алынатын ұқсас (сай келетін) соңғы он бес жыл ішінде әлеуетті өнім беруші көрсеткен көлемдер туралы мәліметті;

қызмет көрсету үшін қажетті конкурстық құжаттамада көзделген материалдардың ресурстардың болуы туралы мәліметті (осы талап мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржылық бір жылдан астам мерзімге қызметтерді мемлекеттік сатып алған жағдайда белгіленеді); Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17314 болып тіркелген) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын білікті мамандар туралы туралы мәліметті;

КҚ-ға 19-қосымшаға сәйкес конкурста сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар туралы мәлімет және әлеуетті өнім берушінің бірлесіп орындаушыларға бірлесіп орындауға жиынтығында жұмыстардың екіден бір астамын беруге тыйым салу шартын қамтуы тиіс.

Егер әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді бірлесіп орындаушыларды тартуды көздеген жағдайда, онда әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға тартылатын бірлесіп орындаушылардың белгіленген талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмесін ұсынады.

2) сатып алынатын қызметтердің техникалық, сапалық сипаттамалары бар, оның ішінде осы КҚ-ға 15-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды. Қажет

болған кезде техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

3) МӨТ КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында конкурстық баға ұсынысы;

7. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдерді ашу күнінен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрауы тиіс.

8. Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы тиіс.

9. Конкурсқа қатысуға өтінім, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімге қатысты бүкіл хат-хабарлар мен құжаттар осы МӨТ КҚ-да жасалған тілде жасалады және беріледі.

Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда оларға дәл (нотариалдық расталған) аудармасы қоса беріледі.

3. Конкурсқа қатысуға өтінімді ұсыну тәртібі

10. Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші веб-порталды пайдалана отырып, ұйымдастырушыға электрондық құжат нысанында береді.

11. Әлеуетті өнім берушілер берген конкурсқа қатысуға өтінімдер автоматты түрде веб-порталда тіркеледі.

12. Конкурсқа қатысуға өтінім берген өнім берушіге тиісті хабарламаны веб-порталмен автоматты түрде жіберген сәтте конкурсқа қатысуға берілген өтінім қабылданған болып есептеледі.

13. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға берген өтінімі мынадай:

1) егер әлеуетті өнім беруші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген;

2) конкурсқа қатысуға берілген өтінім осы конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін түскен;

3) конкурстық баға ұсынысы осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;

4) конкурстық баға ұсынысының бағасы Қағдалардың 77-1-тармағына сәйкес демпингтік болып табылған;

5) Заңның 6-бабының 1-тармағының 1, 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда веб-порталда автоматты түрде кері қайтарылады.

14. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы теңгемен көрсетілген болуы тиіс.

4. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

15. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталатын күннен кешіктірмей мыналарға:

1) енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін қайтарып алуға құқылы.

16. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі біткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

17. Әлеуетті өнім беруші, оның конкурсқа қатысуымен байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы) конкурстың қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

5. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу

18. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың түпкілікті мерзімінің күні мен уақыты басталғаннан кейін бес минуттың ішінде веб-портал конкурсқа қатысуға өтінімдерді автоматты түрде ашуды жүргізеді.

Егер конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім конкурсқа (лотқа) ұсынылған болса, онда мұндай өтінім де ашылады және қаралады.

19. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын ашылған күні веб-портал автоматты түрде жариялайды. Бұл ретте веб-портал Конкурстық комиссияның мүшелеріне, веб-порталда автоматты түрде тіркелген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабарламалар таратады.

20. Конкурстық баға ұсыныстарын қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге рұқсат беру хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін қарауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

6. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау

21. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, біліктілік талаптары мен МӨТ КҚ-ның талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында конкурстық комиссия жүзеге асырады.

22. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу осы МӨТ КҚ-ның талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) әлеуетті өнім берушілермен ұсынылған конкурсқа қатысу өтінімдері мынадай критерийлер негізінде бағалайды:

тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына әлеуетті өнім беруші ұсынған жобаның сәйкестігі;

әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі;

әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

Осы тармақтың осы тармақшасымен көзделген критерийлер бойынша баллдарды есептеу МӨТ КҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Конкурстық өтінімдері осы тармақтың 2) тармақшасының бірінші, екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген критерийлер бойынша шекті баллдан кем алған әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Конкурсқа қатысу өтінімнің қорытынды бағасы 9 баллдан аз әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Әлеуетті өнім беруші көрсетілген критерийлерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда конкурстық комиссия олардың конкурсқа қатысу өтінімдерін бағалау үшін тиісті баллдарды есептемейді.

Әлеуетті өнім берушілер ұсынған талаптар өздерінің конкурсқа қатысу өтінімдерін бағалау үшін шартқа енгізіледі;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген конкурсқа қатысу өтінімдерін бағалау үшін конкурстық комиссия берген баллдар санына байланысты бағалардың шартты азаюы конкурсына қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсынысына қолданады.

23. Барлық санаттар бойынша конкурстық комиссия қойған баллдар веб-порталда автоматты түрде қосылады, нәтижесінде әлеуетті өнім берушіге баллда көрсетілген оның конкурсқа қатысу өтінімдерін қорытынды бағалау қойылады.

24. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың және олардың конкурсқа қатысу өтінімдерін бағалаудың талаптарына сәйкестігі мәнін қарастыру нәтижелері бойынша конкурстық ұсыныстардың мынадай шартты азайтулары қолданылады:

егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімінің қорытынды бағасы 12 баллдан 17 баллды қоса есептегенде құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 10%-ға шартты азайтылады;

егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімінің қорытынды бағасы 18 баллдан 23 баллды қоса есептегенде құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 20%-ға шартты азайтылады;

егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімінің қорытынды бағасы 24 баллдан 28 баллды қоса есептегенде құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 30%-ға шартты азайтылады.

25. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты, оның ішінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілсе де баллдарды есептейді.

26. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына, конкурсқа қатысуға бір өтінім жіберілгенді қоспағанда, бағалардың шартты азаюын қолданады.

27. Конкурстық комиссия осы МӘТ КҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді.

28. Конкурстық комиссия, егер онда конкурсқа қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса конкурсқа қатысуға өтінімді МӘТ КҚ талаптарына сәйкес келетін ретінде қарайды.

29. Әлеуетті өнім беруші мынадай:

1) өзі және (немесе) оның бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына (аталған талап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді бір қаржы жылынан артық мерзімге мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайда қойылады) сәйкес емес деп айқындалған;

2) Заңның 6-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулері болған. Заңның 6-бабының 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі веб-порталдың автоматты түрде кері қайтаруына жатады. Заңның 6-бабының 1-тармағының 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша конкурстық комиссия тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарындағы ақпаратты қарастырады.

3) оның конкурсқа қатысуға өтінімі КҚ-ның талаптарына сәйкес емес деп айқындалған жағдайда конкурсқа қатысуға (конкурсқа қатысушы деп тануға) жіберілмейді.

30. Әлеуетті өнім берушіні басқа негіздер бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

7. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру және конкурстың жеңімпазын айқындау

31. Конкурстық баға ұсынысы конкурсқа қатысуға өтінімді қарау қорытындылары бойынша веб-порталда автоматты түрде ашылады.

32. Веб-портал конкурса қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыруды автоматы түрде жүргізеді:

конкурса қатысушылардың шартты бағалары салыстырылады, ең төмен шартты бағаның негізінде конкурс жеңімпазы, ең төмен шартты бағадан кейінгі бағаның негізінде екінші орын алған әлеуетті өнім беруші айқындалады;

конкурстық баға ұсыныстарының шартты балаларын теңестірген кезде конкурс мәні болып табылатын сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында ең көп тәжірибесі бар әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып табылады.

Тең шартты бағалары бар бірнеше әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін теңестірген кезде конкурса қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімінен бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып табылады.

33. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада орналастырылады.

8. Конкурс қорытындылары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт

34. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт), Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылып, тапсырыс беруші мен өнім берушінің арасында веб-портал арқылы жасалады.

Заңның 6-бабының 1-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген, веб-порталмен автоматты түрде анықталатын, мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулері болған тұлғаны қоспағанда, тапсырыс беруші үлгі шартқа сай жасалған, осы МӘТ ҚҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес шарттың жобасын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі біткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жеңімпазға жібереді.

35. Өнім берушіні таңдау рәсімдері, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары шеңберінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану рәсімдері тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайда шарттың жобасы тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жеңімпазға жіберіледі.

36. Тапсырыс беруші электрондық шартты ресімдеу үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі біткен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы өнім берушіге шартқа қол қоятын

тұлға мен өнім берушінің деректемелері туралы мәліметтерге сұрау салу жібереді.

37. Әлеуетті өнім беруші веб-порталда тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде толтырады және шартқа қол қоятын тұлға мен өнім берушінің деректемелері туралы мәліметтерді растайды.

Әлеуетті өнім беруші шартқа қол қоятын тұлғасы мен өзінің деректемелерін растау болмаған жағдайда тапсырыс беруші веб-порталда әлеуетті өнім беруші орналастырылған тіркеу деректеріне сәйкес шартқа қол қояды.

38. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі біткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын қалыптастырады және оған қол қою үшін әлеуетті өнім берушіге жібереді.

39. Өнім беруші, Заңда және Қағидаларда белгіленген мерзімде веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен шартқа қол қояды.

40. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші Заңда және осы Қағидаларда белгіленген мерзімде шарт жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жеңімпазға үш жұмыс күні ішінде шарт жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Егер әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын веб-порталы арқылы жібереді.

Егер екінші орынды алған әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің қолы қойылған шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс беруші қайтадан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

41. Шарт, уәкілетті органның Заңның 16-бабының 6) тармақшасына сәйкес шешімі шыққан кезде, соның ішінде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының уәкілетті органның осы шешіміне шағымдану кезеңінде жасалуы мүмкін емес.

42. Шарт бойынша қызмет көрсетудің ең аз мерзімі қызмет көрсетуге жұмсалатын мерзімнен аз болмауға, бірақ күнтізбелік он бес күннен аз болмауға тиіс.

43. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші Заңда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шартты жасасудан жалтарды деп танылады.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2022 жылғы 9 маусымдағы
№ 570 бұйрығына
4-қосымша
Мемлекеттік әлеуметтік
тапсырыспен көзделген
көрсетілетін қызметтерді
мемлекеттік сатып алу жөніндегі
конкурстық құжаттамаға
1-қосымша

**Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау
өлшемшарттары**

№	Бағалау өлшемшарты	Балл	Балдарды таратып жазу
1	Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның Тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі: Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау және т.б. анықталған объективті деректермен негізделген) Жобаның мақсаттары мен міндеттері; Жобаны іске асыру әдістері; Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға жету үшін іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен формасы, орны мен күндері көрсетілген); Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық қолдау; Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру барысында қол	0	әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
		6	
			әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтиды

	жеткізілетін оң өзгерістер , әлеуметтік нәтиже) Салым, процесс, қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер көрсеткіштерін қоса алғанда, сандық және сапалық көрсеткіштердің болуы		
2	Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі;	0	қызметінің мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Заңның 5-бабында көзделген бағыттардың бірде біреуіне сәйкес келмейді (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
		2	қызметінің мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Заңның 5-бабында көзделген бағыттардың кемінде біреуіне сәйкес келеді.
		0	Әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" қамтылмайды (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)

3	Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер	1	Әлеуетті өнім беруші "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" мәліметтерді уақтылы ұсынбаған
		2	Әлеуетті өнім беруші "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" мәліметтерді уақтылы ұсынған
4	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады)	0	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болмауы
		1	Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
		2	Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
		3	Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам және сегіз жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
		4	Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында сегіз жылдан астам жұмыс тәжірибесі
		5	Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызмет нарығындағы екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі

5		6	Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
		7	Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер нарығындағы бес жылдан астам және сегіз жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
		8	Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер нарығындағы сегіз жылдан астам жұмыс тәжірибесі
	Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет	0	Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі мен біліктілігі жоқ немесе мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі сәйкесінше құжаттармен расталмаған
		2	Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі немесе біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған

	министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)	4	Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі мен біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған
6	Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі*	0	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ
		2	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда екі жылды қоса алғанға дейін жұмыс тәжірибесі бар
		4	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейін жұмыс тәжірибесі бар
		6	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар

Ескертпе.

*Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады.

**Білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар болып танылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі мамандардың еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы

министрінің
2022 жылғы 9 маусымдағы
№ 570 бұйрығына
5-қосымша
Мемлекеттік әлеуметтік
тапсырыспен көзделген
көрсетілетін қызметтерді
мемлекеттік сатып алу жөніндегі
конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу нөмірі) көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама бұл ретте нөмір сатып алудың тәсіліне және нөміріне байланыстырылуы тиіс (әрбір лотқа жеке қалыптастырылады)
Күні мен уақыты

Тапсырыс беруші* _____
Конкурстың № _____
Конкурстың атауы _____
Ұйымдастырушының атауы _____
Ұйымдастырушының мекенжайы _____

Конкурстық комиссияның құрамы:

№	Т.А.Ә	Ұйымдағы лауазым	Комиссиядағы рөлі
---	-------	------------------	-------------------

Жалпы сомасын көрсете отырып, сатып алынатын көрсетілетін қызметтер тізбесі _____

№ р/с	Лоттың №	Лоттың атауы	Саны	Бірлігі үшін баға , теңге	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге
-------	----------	--------------	------	------------------------------	---

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Конкурсқа (лотқа) қатысуға ұсынылған өтінімдер туралы ақпарат: (хронология бойынша) (өтінімдер саны)

№	Әлеуетті өнім беруші атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТЕН	Өтінім беру күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	-----------------------	--

Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№ р/с	Әлеуетті өнім берушінің атауы (әлеуетті өнім берушілер тізбесі), БСН (ЖСН)/ ССН/ ТЕН			
				Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына олардың сәйкес келмеуін растайтын

	Комиссия мүшесінің Т.А.Ә	Комиссия мүшесінің шешімі	Бас тарту себебі	мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, бас тарту себептерін егжей-тегжей сипаттау
--	-----------------------------	------------------------------	------------------	---

Конкурсқа қатысуға бас тартылған өтінімдер: (өтінімдер саны)

№ р/с	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН/ТЕН	1 Бас тарту себебі
-------	----------------------------------	---------------------	--------------------

1

үш мәтіндік мәннен анықтамалық: (біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеу, Заңның 6-бабының талаптарын бұзу)

Конкурсқа қатысуға мынадай өтінімдерге рұқсат етілген (өтінімдер саны):

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН/ТЕН
---	-------------------------------	---------------------

Қағидалардың 412-тармағымен көзделген өлшемдердің салыстырмалы мәніне қолдану нәтижелері туралы ақпарат

Шартты жеңілдіктер, %								
			әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, әлеуетті өнім берушінің "Әлеуметтік ұйымдардың дерекқорында"		әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылған	Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметті	Жалпы бал	Шартты азайту

			ерекшел ігінің талаптарына сәйкестігі;	үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі	болуы туралы мәліметтері	тәжірибесінің болуы	мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі	к емес ұйымның тәжірибесі	мөлшері, %
Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН / ТЕН								

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағалараның есебі:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН / ТЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендігі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
---	-------------------------------	-----------------------	---------------	-----------------------	----------------------------	--------------------------------------	------------------	---------------------------------

Конкурстық комиссияның шешімі:

1. №__ лот бойынша жеңімпазды айқындау: {жеңімпаз әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН атауы}, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, {екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН атауы}.

2. Тапсырыс беруші {тапсырыс берушінің атауы} "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде {жеңімпаз өнім берушінің БСН/ЖСН атауы}-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

Не:

"Мемлекеттік сатып алу (№__ лот бойынша сатып алудың атауы)_____ байланысты өтпеді деп танылсын *":

Ескертпе: *Мынадай мағыналардың біреуі: "берілген өтінімдердің болмауы", "кемінде екі өтінімнен беру", "конкурса бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеген", "конкурса бір әлеуетті өнім беруші қатысуға жіберіледі".

Не:

Сатып алуды жою жүргізілді, оның негізі мынау болып табылады: Уәкілетті мемлекеттік органдардың актілері (нұсқама, хабарлама, ұсыным, шешім) № _____ күні.айы.жылы.

Жою туралы шешім қабылдаған орган: {_____}.

Не:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 13 -тармағының __ тармақшасына сәйкес сатып алудан бас тарту жүргізілді.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

кк.аа.жжжж. – күн, ай, жыл.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2022 жылғы 9 маусымдағы
№ 570 бұйрығына
6-қосымша
Мемлекеттік сатып алуды

Орындалған жұмыстардың актісі ****

20 ____ жылғы " ____ " ____ № ____ Құжаттың нөмірі* қол қою күні *
(тапсырыс беруші актіге қол қойған күні және уақыты тіркеледі)

Осы акті 20 ____ жылғы " ____ " ____ № ____ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (қосымша келісімнің) атауы, күні және нөмірі*) сәйкес төменде қол қойған Орындаушы өкілдерінің (Орындаушының атауы*) атынан ____ (Орындаушы), орындағаны, ал төменде қол қойған Тапсырыс беруші (Тапсырыс берушінің атауы*) өкілдерінің атынан ____ (Тапсырыс беруші) қабылдағаны жөнінде жасалды: Орындалған жұмыс туралы мәліметтер**

№	Жұмыстың орындаған орны	Жұмыстарды орындау күні/кезеңі	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бірлік үшін бағасы (теңге), оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда	Сума, теңге
	1	2	3	4	5	6	7
1							
...							

Шартқа сәйкес осы акт бойынша орындалған жұмыстың құны _____
_ теңгені құрайды, оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда** (цифрмен, жазумен)

Орындаушының атауы *	ЖСН/БСН*	ЖСК/БСК*	Банк*	Заңды мекенжайы*	Орындаушының өкілдері *		Бекітемін **	
					Т.А.Ә. лауазымы,	қолы	Т.А.Ә.лауазымы,	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Шарт бойынша ақпарат

1	Жалпы мәліметтер					
	Шарттың жалпы құны *	Аванстық төлемдер сомасы ***	Шарттың қолданылуынан бастап төлем сомасы ***	Бұрын актіленгендердің сомасы**	Жұмысты орындау мерзімін өткізіп не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы***	Мерзімі өткен күндердің саны***
	1	2	3	4	5	6

2	Шығыстардың бірыңғай бюджеттік сыныптамасының коды: Бағдарлама/Кіші бағдарлама/Ерекшелік***					
3	Осы акті бойынша іс жүзінде орындалған жұмыстар (техникалық ерекшелікке, тапсырмаға, жұмыстар болған кезде оларды орындау кестесіне сәйкес олардың кіші түрлері бөлінісінде жұмыстардың атауы)***					
	Атауы*	Жұмыстарды орындау күні/кезеңі	Өлшем бірлігі*	Саны*	Бірлік үшін бағасы, теңге*	Сوما, теңге*
	1	2	3	4	5	6
1						
...						
4	Өнім берушіге аудару талап етілетін сома***					

Қосымша: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркеп отырады)

Тапсырыс берушінің атауы*	ЖСН/БСН*	ЖСК/БСК*	Банк*	Заңды мекенжайы***	Тапсырыс берушінің өкілдері***				Бекітемін*** (ұйымның басшысы)	
					Жұмыстар қабылдау үшін жауапты		Ресімдеудің дұрыстығына жауапты деректемелер, ерекшеліктер)			
					Т.А.Ә.	қолы	Т.А.Ә.	қолы	Т.А.Ә.	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

2-В нысаны

20__ жылғы " __ " _____ №__ Орындалған жұмыстардың актісі

Тапсырыс беруші: _____

(толық атауы, мекенжайы, байланыс құрал туралы деректер)

Мердігер: _____

(толық атауы, мекенжайы, байланыс құрал туралы деректер)

Құрылыс: _____

(атауы, мекенжайы)

Объект: _____

(атауы)

Мердігерлік шарт (келісімшарт) 20__ жылғы " __ " _____

№__

Нөмірі		Ресурстар коды және норма шифры	Жұмыстар және шығындар атауы	Өлшем бірлігі	Орындалған жұмыстар		
Реті бойынша	Смета бойынша позиция				Саны	Бірлік үшін бағасы	Құны, теңге

1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							

Өткізді (Мердігер) _____ (_____ ұйымның атауы) _____ М.О. (лауазым, қолы, қолды таратып жазу)	Қабылдады (Тапсырыс беруші) _____ (ұйымның атауы) _____ М.О. (лауазым, қолы, қолды таратып жазу)
---	--

Техникалық қадағалау сарапшысы (лары) _____
 (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)
 Авторлық қадағалау сарапшысы (лары) _____
 (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Ескертпе:

* мемлекеттік сатып алу веб-порталы автоматты түрде толтырады;

** өнім беруші толтырады;

*** тапсырыс беруші толтырады;

**** Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес веб-порталда ресімделетін, құрылыс-монтаждау жұмыстарын қоспағанда, орындалған жұмыстарды қабылдап алу үшін қолданылады;

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің
 орынбасары – Қаржы
 министрінің
 2022 жылғы 9 маусымдағы
 № 570 бұйрығына
 7-қосымша
 Мемлекеттік сатып алуды
 жүзеге асыру қағидаларына
 44-қосымша

Сатып алынатын Тауарлардағы ел ішіндегі құндылық туралы есеп

	Шартты орындау				СТ-KZ сертификаты	

Товардың(п) №	мақсатында өнім беруші сатып алған тауарлар саны	Тауар бағасыKZT	Құны (СТi) KZT	СТ-KZ сертификат ына сәйкес үлесі ЕІҚТ (Mi) %	Нөмірі	Берілген күні	Шығарылған елі
1							
n							
ЖИЫНЫ							

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ел ішіндегі құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесінің (бұдан әрі – Бірыңғай әдістеме) 5-тармағына сәйкес тауарларды жеткізуге арналған шартта ел ішіндегі құндылықты (ЕІҚТ) есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$EIQ_T = 100\% \times \sum_{i=1}^n (TK_i \times J_i) / S,$$

мұнда:

n – тауарларды жеткізуге арналған шартты орындау мақсатында өнім беруші жеткізетін тауарлар атауының жалпы саны;

i – тауарларды жеткізуге арналған шартты орындау мақсатында өнім беруші жеткізетін тауардың реттік нөмірі;

TK_i – i-тауардың құны;

J_i – "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) бекітілген "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген ел ішіндегі құндылықтың үлесі (бұдан әрі - "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификаты);

Егер Бірыңғай әдістемесінің 10-тармағында өзгеше белгіленбесе, "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификаты болмаған жағдайда J_i=0;

S – шарттың жалпы құны.

Ел ішіндегі құндылықтың үлесі (%):

*ЕІҚТ = _____

*шартта цифрлық форматта жүздік үлеске дейін (0,00) ел ішіндегі құндылықтың қорытынды үлесі көрсетіледі.

М.О. _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты, қолы Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2022 жылғы 9 маусымдағы
№ 570 бұйрығына
8-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
45-қосымша

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі ел ішіндегі құндылық туралы есеп

Шарттың (m) №	Шарттың құны (ШҚj) KZT	Шарт шеңберіндегі тауарлардың жиынтық құны (ТҚj) KZT	Шарт шеңберіндегі қосалқы мердігерлік (бірлесіп орындау) шартта рдың жиынтық сомасы (ШЖҚj) KZT	j-шартты (Rj) орындайтын қазақстандық өңбек ақы төлеу қорынның үлесі %	Тауардың (n) №	Өнім беруші шартты орындау мақсатында сатып алған тауарлардың саны	Тауардың бағасы KZT	Құны (ТҚi) KZT	СТ-KZ сертификатын а сәйкес ЕІҚж/қ үлесі (Жі) %	СТ - KZ сертификаты		Шығарылған елі
										Нөмірі	Берілген күні	
1					1							
2					2							
m					n							
ҚОРЫ ТЫНД Ы												

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ел ішіндегі құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесінің (бұдан әрі – Бірыңғай

әдістеме) 6-тармағына сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар немесе қолданыс мерзімі 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін өзгертілген келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарттағы келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарттарды қоспағанда, жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарттағы ел ішіндегі құндылықты есептеу (бұдан әрі - ЕІҚж/қ) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$ЕІҚ_{ж/қ} = 100\% \times \frac{\sum_{j=1}^m ((ШҚ_j - ТК_j - ШЖҚ_j) \times R_j + \sum_{i=1}^n (ТҚ_i \times Ж_i))}{S}$$

мұнда:

m – тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы шартты, өнім беруші мен қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) арасындағы шарттарды қоса алғанда, жұмысты орындау (қызмет көрсету) мақсатында жасалған j -шарттардың жалпы саны;

j – жұмысты орындау (қызмет көрсету) мақсатында жасалған шарттың реттік нөмірі;

$ШҚ_j$ – j -шартының құны;

$ТК_j$ – j -шартын орындау мақсатында өнім беруші немесе қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) сатып алған тауарлардың жиынтық құны;

$ШЖҚ_j$ – j -шартын орындау мақсатында жасалған қосалқы мердігерлік (бірлесіп орындау) шарттардың жиынтық құны;

R_j – j -шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі;

n – j -шартын орындау мақсатында өнім беруші және қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) сатып алатын тауарлар атауының жалпы саны;

i – j -шартын орындау мақсатында өнім беруші немесе қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) сатып алған тауардың реттік нөмірі;

$ТҚ_i$ – i -тауардың құны;

$Ж_i$ – "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) бекітілген "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген ел ішіндегі құндылықтың үлесі (бұдан әрі - "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификаты);

Егер Бірыңғай әдістемесінің 10-тармағында өзгеше белгіленбесе "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификаты болмаған жағдайда $J_i=0$;

S – шарттың жалпы құны.

R_j – j -шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесін есептеу Бірыңғай әдістемесінің 7-тармағына сәйкес, мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$R_j = \text{ҚРЕТҚ} / \text{ЕЖҚ}$$

мұнда:

ҚРЕТҚ – j -шартының қолдану кезеңінде j -шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қазақстандық кадрларының еңбекақысын төлеу қоры;

ЕЖҚ – j -шартының қолдану кезеңінде j -шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) жұмысшыларының еңбекақысын төлеудің жалпы қоры.

Занды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) өнім беруші немесе қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) болып табылмайды.

Егер j -шартының тарапы заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) болған жағдайда, R_j коэффициентін есептеу кезінде мұндай заңды тұлғаның қызметкерлерінің жалпы саны көрсетіледі.

Шарттағы ел ішіндегі құндылықтың үлесі (%):

_____ М.О.

Басшының тегі, аты, әкесінің аты, қолы

** ЕІҚж/қ = _____

**шартта цифрлық форматта жүздік үлеске дейін (0,00) ел ішіндегі құндылықтың қорытынды үлесі көрсетіледі

_____ Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны